



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.02.2026 жыл

№ 9, 2-т.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ-дағы қолданыстағы кәсіподақтық оқыту жүйесінің тиімділігін бағалау туралы.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ-дағы қолданыстағы кәсіподақтық оқыту жүйесінің тиімділігін бағалау туралы ақпаратын тыңдап және талқылап, Кәсіподақтың Атқару комитеті кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту бекітілген жоспарлар мен оқыту тұжырымдамасына сәйкес жүргізіліп жатқанын атап өтеді.

Облыстық ұйымда әдістемелік кабинет жұмыс істейді, бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақтық оқыту мектептері тиімді қызмет атқаруда. 2025 жылы оқытумен қамту 6 101 адамды, 2024 жылы 5 673 адамды құрады. 2026 жылы оқытуды қаржыландыру нормативке сәйкестендіріліп, кәсіподақ органының сметасының шығыс бөлігі көлемінің 10 %-ын құрады.

Сонымен қатар, бастауыш ұйымдардың сұраныстарына сәйкес оқыту бағдарламаларын бейімдеу және қысқа мерзімді форматтарды қолдану барысында практикалық нәтижелілікті күшейту мәселелері қосымша назар аударуды талап етеді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ-дағы қолданыстағы кәсіподақтық оқыту жүйесінің тиімділігін бағалау туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымының уәкілетті органына:

- арнайы оқыту бағдарламалары арқылы кәсіподақ активі мен тексеру (ревизиялық) комиссиялары мүшелерінің құқықтық, қаржылық және ақпараттық сауаттылығын арттыру жұмысын жандандыру;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарында әдістемелік материалдарды (кейс-материалдар, ұсынымдар) тұрақты жаңартуды және жүйелі түрде таратуды қамтамасыз ету;

- бастауыш ұйымдардағы оқытуға жүйелі мониторинг жүргізуді, оның ішінде алынған білімнің практикалық тұрғыда қолданылуын бағалауды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева